

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫң САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫң
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

№ 4

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

14.02.2021 ж.

город Алматы

**Алматы қаласының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 31 қаңтардағы
№3 қаулысына өзгерістер енгізу және
Алматы қаласында коронавирустық инфекцияның
алдын алу жөніндегі шектеу шараларын
кезең-кезеңімен жөндейту туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі - COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104 бабының 1 тармақшасына және «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жөндейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68 қаулысына сәйкес

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- 1) Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 31 қаңтардағы №3 қаулысының 1 тармағының 6 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: сауда ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметіне рұқсат етілсін;
- 2) 1 тармақтың 12 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: азық-түлік және азық-түлік емес жабық және ашық базарлардың штаттық режимде

жұмыс күндері және демалыс күндері толтырылуы 30% - дан аспайтын және бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес, әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып рұқсат етілсін;

3) 1 тармақтың 13 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: ұжымдық іс-шаралар өткізбей қоғамдық тамақтану обьектілерінің (жеке санитариялық торабы бар үй-жайда) қызметі, оның ішінде сауда-ойын-сауық орталықтарында, қонақ үй кешендерінде орналасқан сағат 7.00-ден 24.00-ге дейін және шоттар бойынша төлемді 23.00-ге дейін жабумен (толтырылуы 50% - да дейін, 50-ден артық емес орын, әр үстелде 4 отыратын орыннан, әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, термометрияны, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау) шектелсін;

4) 1 тармақтың 17 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: өнеркәсіптік, құрылыш және өзге де ұйымдардың жұмысшыларын технологиялық процесс жұмыс орнында болуын қажет ететін және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды, ұйымдарды мен обьектілерді қоспағанда, қызметкерлерінің саны 20 және одан да көп адам болатын ұйымдар қызметкерлерінің 50% қашықтықтан жұмыс режиміне ауыстырылсын. Ұйымдардың қызметкерлерін қашықтан жұмыс істеу режиміне көшіруді бақылау алгоритмін әзірлеу және қолданысқа енгізу;

5) 1 тармақтың 19 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне уақыты мен саны бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес, ал сауда ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлерінде орналасқан жағдайда сауда ойын-сауық орталығының және сауда үйінің жұмыс режимі бойынша рұқсат етілсін; «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің, ХҚКО қызметіне, халықты алдын ала жазылу бойынша қабылдауга (әлеуметтік қашықтықты, маска режимін, термометрияны, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау) рұқсат етілсін, ХҚКО-дағы ауаны экрандалған бактерицидті қондырғылармен залалсыздандыруды және күту залдары мен үй-жайлардың ішке сору-сыртқа тарату желдеткішін қамтамасыз ету;

6) 1 тармақтың 20 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: 50 адамға дейін қатысумен мәдениет обьектілері мен концерт залдарының (дайындық); көрермендер залының толтыру 30%-дан аспайтын кезде театрлардың, кинотеатрлардың қызметіне рұқсат етілсін;

7) 1 тармақтың 22 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: діни обьектілердің қызметіне рұқсат етілсін жұма намазын өткізбестен,

мешіттерде намаз оқу (бес намаз), тотырылуы 30% - ға дейін жамағатпен құлшылық ету, бірақ 100 адамнан көп емес;

8) 1 тармақтың 26 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: 10 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға арналған спорт кешендерінің қызметіне, ашық ауада жаттығулар үшін-әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, көрермендердің қатысусынызы, командалар саны шегінде рұқсат етілсін;

9) 1 тармақтың 29 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: сауналар, СПА-орталықтар, бассейндер қызметіне рұқсат етілсін;

10) 1 тармақтың 30 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысына; облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдарға - отыргызу орындары санының 75% - ына дейін толтырылған кезде рұқсат етілсін;

11) 1 тармақтың 39 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: балалардың дene және физиологиялық ауытқуларын түзету кабинеттерінің, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының және білім алушылар саны 5 адамнан аспайтын оқыту үйірмелерінің қызметіне рұқсат етілсін;

12) 1 тармақ келесідей мазмұндағы 42 тармақшамен толықтырылсын: орталықтар мен сұлулық салондарының, шаштараздар, барбер-шоп, маникюр және педикюр қызметіне, косметологиялық қызметтерге (жазба бойынша) рұқсат етілсін;

13) 1 тармақтың 2 тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: ойын-сауық мекемелерінің, оның ішінде сауда ойын-сауық орталықтарында және сауда үйлерінде орналасқан (банкет залдары, бильярд, компьютер, түнгі, ойын клубтары, лотоклубтар, караоке, боулинг, жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар, букмекер кеңселері) қызметіне тыйым салу.

2. Алматы қаласы аудандарының әкімдері қамтамасыз етсін:

1) Қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылау. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолдану;

2) қызметі шектелмеген объектілерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысымен белгіленген объектілерге қойылатын талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік

санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 желтоқсандағы № 68 қаулысының 1 және 2 қосымшаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы экономикалық осуді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6 хаттамасының 2.6-тармағын басшылыққа ала отырып, объектілердің қызметін қайта бастау.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 15 ақпанда күшіне енеді.

Алматы қаласының

Бас мемлекеттік

санитариялық дәрігері

Ж. Бекшин



A handwritten signature in black ink, appearing to read "Ж. Бекшин". It is positioned above the official seal.